Қосүйенкі ауылдық округі жергілікті қоғамдастығы мүшелерінің жиналысының ХАТТАМАСЫ

Қосүйенкі ауылы **№12** **03 қазан 2025 жыл.**

Өткізілген орны Қосүйенкі ауылдық округінің әкімі аппараты КММ гимараты.
Жиналыс төрағасы: А.Бакиров
Жиналыс хатшысы: Е.Пейізов
Қатысқандар: Ауыл әкімі, жергілікті қоғамдастық мүшелері, ауыл тұрғындары.

Күн тәртібінде:

1. Елдімекендегі көшелердің атаулары мен үйлердің нөмерлерін дайындау және орнату бойынша -Тікелей шарт тұжырымы бір дереккөздер тәсілі арқылы сатып алу туралы.

Тыңдалды:

Ауыл әкімі А.Ахтаев елдімекендегі көшелердің атаулары мен үйлердің нөмерлерін дайындау және орнату бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу Заңының «16-бап 3-тармақ 28-тармақша егер біртекті тауарлардың құндық мәндегі жылдық көлемі айлық есептік көрсеткіштің бір жүз еселенген мөлшерінен аспаса, осындай біртекті тауарларды, егер біртекті жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің құндық мәндегі жылдық көлемі айлық есептік көрсеткіштің бес жүз еселенген мөлшерінен аспаса, осындай жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді, ал аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары үшін республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің төрт мың еселенген мөлшерінен аспаса, сатып алу» заңдылығын пайдаланып келісім шартқа отыру жөнінде ұсынысын айтып, қоғамдастықтан сұрады.

Шығып сөйлеп өз ойларын айтқан қоғамдастық мүшелері Н.Ильясов пен Е.Кемелбеков бухгалтерлік есептіліктер мен бағдарламалар әкімшілік мекеменің негізгі қаржы айналымының негізі екендігін айтып, заңдылыққа сәйкес болса қарсы еместіктерін білдірді.

Қоғамдастық жиналысы ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Ауылдық округтегі көшелердің атаулары мен үйлердің нөмерлерін дайындау және орнату бойынша -Тікелей шарт тұжырымы бір дереккөздер тәсілі арқылы сатып алу арқылы келісім шартқа отырылсын.

Жиналыс төрағасы: **А.Бакиров**

Жиналыс хатшысы: **Е.Пейізов**